

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті полиция қызметінің жұмысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 118-ө өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті полиция қызметінің жұмысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

2) екі ай мерзімде тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2015 жылғы 27 қарашадағы
№ 118-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жергілікті полиция қызметінің жұмысы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/ с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Жауапты мемлекеттік органдар	Орындау мерзімі	Нормативтік құқықтық актілердің сапасына, уақтылы әзірленуі м е н енгізілуіне жауапты адам
1	2	3	4	5	6

1	Ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі туралы ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ІІМ, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдіктері	2015 жылғы 10 желтоқсанға дейін	Е.З. Тұрғымбаев
2	"Арнаулы атақтар мен оларға сәйкес келетін шекті арнаулы атақтар берілетін Қазақстан Республикасы ішкі істер органдары, қылмыстық-атқару жүйесі, мемлекеттік өртке қарсы қызметі, экономикалық тергеу қызметі және мемлекеттік фельдъегерлік қызметі лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 мамырдағы № 643 қпү қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ІІМ	2015 жылғы 10 желтоқсанға дейін	Е.З. Тұрғымбаев
3	"Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 22 маусымдағы № 607 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ІІМ	2015 жылғы 10 желтоқсанға дейін	Е.З. Тұрғымбаев
4	Жергілікті полиция қызметінің қызметкерлерін лауазымдарға тағайындау тәртібін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығы	ІІМ	2015 жылғы 10 желтоқсанға дейін	Е.З. Тұрғымбаев
5	Аумақтық ішкі істер органдарының жанындағы консультативтік-кеңесші органдар туралы үлгілік ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығы	ІІМ	2015 жылғы 10 желтоқсанға дейін	Е.З. Тұрғымбаев
6	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің бұйрығы	ІІМ	2015 жылғы 10 желтоқсанға дейін	Е.З. Тұрғымбаев

Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:

ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі